

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ

Д Е П У Т А Т Ы



Д Е П У Т А Т

МАЖИЛИСА ПАРЛАМЕНТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Нұр-Сұлтан, Парламент Мәжілісі

20 __ ЖЫЛҒЫ « __ » _____

№ _____

010000, Нур-Султан, Мажилис Парламента

« __ » _____ 20 __ года

14.10.2020 ж. жарияланды

**Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
А.Ұ.Маминге**

Депутаттық сауал

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы!

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне Ақмола облысының, Қорғалжын ауданы, Қызылсай ауылдық округының Шалқар ауылынан «Ақсақалдар алқасы» және ауыл тұрғындары, 51 адам қол қойған ұжымдық хат - үндеу келіп түсті. Халықтың сұрауы біреу ғана - ол ауыз су.

Ауыз су – ол ауамен қатар адам өмірі үшін ең қажетті мәселе екендігіне ешкім таласпайды және осы маңызды мәселе үшін «Ақбұлақ» мемлекеттік бағдарламасы аясында миллиардтаған қаражат бөлінді. Өкінішке орай, мемлекет ауыз сумен қамтамасыз ету үшін қаншама миллиард ақша-қаражат бөлсе де халықты ауыз сумен қамтамасыз етуге әлі күнге дейін толық қол жеткізе алмай келеміз.

Қорғалжын-Шалқар бағытындағы 1970 жылы салынған, ұзындығы 29,5 шақырым су құбыры магистралының 2014 жылы 95 пайызға тозғандығы расталды. Осыған байланысты 2015 жылдан бастап ауыз су ауылға автокөлікпен тасымалданып жеткізіледі. Шалқар ауылының ішкі су тарту құбыры 2010 жылы салынып, 2014 жылға дейін қолданыста болды, бүгінгі күні қараусыз қалғандықтан жағдайы нашар күйде. Күздің жауын-шашыны кезінде, қыстың боранында жол жабылған кездерде ауыл тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз етуде көптеген қиындықтар туындайды. Былтыр қаңтардың қарлы бораны кезінде автомобиль жолы жарты айға жуық жабылып, Қорғалжын елі қар ерітіп, мұз ойып ішуге мәжбүр болды. Бұл жағдай республикалық Қазақстан-1 телеарнасынан көрсетілді. Осы жағдай әлі сол күйінде, өкініштісі бұл үйреншікті жағдайға айналып барады.

Жағдай өте күрделі, біздегі нақтыланбаған деректер бойынша Қорғалжын, Біртабан, Шалқар ауылдарында 6 мыңнан астам адам тұрады. Осы ауылдарда 5

мыңға тарта ірі-қара мал, 3 мың жылқы, 6 мың қой-ешкі, 15 мыңға тарта үй құстары өсіріледі.

Мәселенің әлеуметтік маңыздылығын ескере отырып, республикалық бюджеттен аталған елді мекенді ауыз сумен қамтамасыз ету үшін қажетті қаражатты бөлу мүмкіндігін қарауыңызды сұраймыз.

Депутаттық сауалды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген тәртіппен қарап, жауап қайтаруыңызды сұраймыз.

Ұжымдық хат қоса жолданды.

Қосымша: 4 парақ.

**Құрметпен,
Мәжілістегі ҚКХП
«Халық коммунистері»
фракциясының мүшелері**

**Ж.Ахметбеков
Г.Баймаханова
В.Косарев
А.Қоңыров
М. Магеррамов
И.Смирнова
Т.Сыздықов**

✉ Н. Кошербай

☎ 746215

✉ kosherbay@parlam.kz



Қазақстан Республикасы
Парламент Мәжілісінің депутаты
Жамбыл Ахметбековке
Шалқар ауылы тұрғындары және
«Ақсақалдар алқасы» кеңесі атынан
алқа төрағасы
Серікбаев Сайлаубектен
Қорғалжын ауданы, Шалқар ауылы,
Бауыржан Момышұлы көшесі, 8/2
ЖСН 391119300563
Байл. тел. сот. 87716670704
Үй тел. 8(716)3745641
ainurser@mail.ru

Құрметті Жамбыл Аужанұлы!

Ақмола облысы, Қорғалжын ауданы, Қызылсай ауылдық округінің Шалқар ауылы аудан орталығынан 25 шақырым жерде орналасқан. Халық саны- 576 адам. Ауылдық округте 6 –жеке шаруашылық серіктестіктері, 14- шаруа қожалықтары, 13 жеке кәсіпкерлер, 3 - азық-түлік дүкені, 1- орта мектеп, 1- шағын орталық, 1- медициналық пункт бар.

Қорғалжын ауданына қарасты Шалқар ауылының тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз ету үшін осы ауылға баратын магистральді су құбырларын жөндеуді сұраймыз.

Қорғалжын-Шалқар бағытындағы 1970 жылы салынған ұзындығы 29,5 шақырым су құбырлары магистралінің, 2014 жылдан бастап 95% тозығы жетуіне байланысты, аталған ауылға ауыз су 2015 жылдан бастап су таситын автокөлікпен жеткізілуде. Күзгі жауын-шашында және қысқы борандарда жолдың болмауына байланысты Шалқар ауыл тұрғындарын ауыз сумен қамтамасыз ету көп қиындықтар туындатады. Шалқар ауылының ішкі су тарту құбырлары 2010 жылы салынып 2014 жылға дейін қолданыста болған, бүгінгі күні қараусыз қалғандықтан насос стансасының жағдайы нашар.

Қазіргі уақытта бұл су құбыры магистралы 2018 жылдан бастап «Нұра топтық су құбыры шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорнына» қарайды. Алайда, тиісті мекеме директоры А.А.Елжасовтың мәлімдеуінше, 29,5 шақырым тозығы жеткен магистральді

су құбырын жөндеу үшін және жоба сметалық құжаттарын жасау үшін қаражат жеткіліксіз екендігін айтты.

Сізден осы мәселені шешуге ықпал етуіңізді сұраймыз.

Қосымша 2 бет

Шалқар ауылы тұрғындары және қоғамдастық мүшелерінің қолдары:

1. Мухомов К. К.
2. Сердобаева А. М.
3. Сауықбаева М.
4. Құрманбетов Ә.
5. Қармандықов А. М.
6. Қармандықова А. М.
7. Құдайбергенова Д.
8. Қожабаева К. М.
9. Мұсабаева С. А.
10. Қосымбаева А. М.
11. Құдайбергенов А. С.
12. Қармандықова Т. А.
13. Қармандықова Т.
14. Қармандықова М.
15. Мухомов В.
16. Қармандықова Т.
17. Қармандықова Т.
18. Қожабаева М.
19. Қармандықова А. Т.
20. Қармандықов А. Т.
21. Қармандықов Б. Р.
22. Қармандықова К. Р.
23. Сердобаев Д. С.
24. Қармандықова А. М.
25. Қармандықова М. М.
26. Қармандықова Б. М.
27. Қармандықова Р. М.
28. Қармандықова Т. А.
29. Қармандықов Б. М.
30. Қармандықов В.
31. Қармандықова Т. А.
32. Қармандықов Т.
33. Қармандықов Т.
34. Қармандықова Т. Т.
35. Қармандықов М.
36. Қармандықов М.
37. Қармандықов Д.
38. Қармандықов О.
39. Қармандықов К.